

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі » КММ
1 сынып оқушыларының мектепке бейімделу кезеңін
бақылау қорытындысы бойынша
АНЫҚТАМА**

17.09.2025 ж

Бақылаудың мақсаты:

1. Оқушының эмоционалдық жай-күйін анықтау – мектепке деген қызығушылығы, қорқыныш немесе күйзеліс белгілерін байқау.
2. Әлеуметтік бейімделуін бақылау – сыныптастарымен, мұғаліммен қарым-қатынасы, ұжымға сіңісуі.
3. Оқу әрекетіне икемделуін бағалау – тапсырмаларды орындау дағдылары, зейіні мен есте сақтау қабілеті, мұғалімнің нұсқауын түсініп орындауы.
4. Физиологиялық жағдайын бақылау – шаршағыштығы, жұмыс істеу қарқыны, денсаулығына әсер ететін факторлар.
5. Қолдауды қажет ететін балаларды анықтау - жеке бағытталған көмек көрсету үшін.

Бақылау объектісі: 1 сынып оқушылары

Бақылау түрі: жоспарлы бақылау

Қыркүйек айының үшінші аптасында 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделу барысы бақылауға алынды.

Сынып оқушыларының мектепке дайындығын тексеру мақсатында қыркүйек айында мектеп психологы тарапынан диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Зерттеу барысында 1-сынып оқушыларының даму деңгейіне қарай таным үрдістерінің қалыптасуы барысында кездесетін кемшіліктерді түзетіп, қалпына келтіруге арналған психологиялық жаттығулар алынды. Оның қорытындысы жасалып, ата-аналармен таныстырылды.

1 «А» сыныбында барлығы 15 оқушы. Оның 6-ы қыз, 9-ы ер балалар. Сыныпта балалардың жартысынан көбі балабақшадан келген ойын балалары. Балалардың ішінде 3 ер бала өте қозғалысты. Партада отыру, тыныштық сақтау деген сияқты мектеп ережесіне жаңа қалыптасып келе жатыр. Сыныптағы жағдай бірқалыпты. Сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсы.

Сыныптағы оқушылардың жартысынан көбінің тілдері орысша дамыған. Қыркүйек айы бойы оқушылармен әр пән бойынша көп жұмыс жүргізілді. Сыныпта бір айтқаннан ұғып алатын алғыр оқушылар да бар екен. Олар сабақта үнемі белсенділік танытып отырды. Сыныптағы оқушылардың арасында «р,л» дыбыстарына тілдері келмейтін балалар бар. Екінші тоқсаннан бастап, ол балалармен логопед пен дефектолог жұмыс жасау керектігі сынып жетекшісіне ескертілді.

Барлық бала әліппеден өткен әріптерді таниды, буындап оқуға қиналатын балалар бар. Жазу каллиграфиясын толықтай меңгеріп келеді. Тек бір оқушы қаламды дұрыс ұстауды жаңа үйреніп келеді. Жазуы да қалыптасып келеді. Сол қолымен жазатын екі оқушы бар.

Математикадан қосу кестесін, төрт теңдікті меңгеріп келеді. Фигураларды, сызықтарды ажырата алады. 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санайды, оларды салыстыра алады.

Қорытындылай келе, сынып жетекшісі ретінде ата-аналармен бірлесіп оқушылардың қазақша тілдерін дамыту, мектеп өміріне бейімдеу, жеке тұлға қалыптастыру мақсатында жұмыстар жүргізіліп жатыр.

1 «Ә» сынып оқушыларының мектепке бейімделуі

1 «Ә» сыныбында жалпы 16 оқушы отыр. 11 ер бала, 5 қыз бала. Жалпы мектепке бейімделуі орташа деңгейде. Жана ортаға үйрену 1 сынып оқушылары үшін күрделі процесс. Сыныпта даярлық тобынан және балабақшадан келген оқушылар отыр. Даярлық тобынан келген оқушылар оқу және жазуда көп қиындық туғызбауда. Ал балабақшадан келген оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу керек. Әліппеден толық дыбыстар мен әріптерді оқушылардың 85% біледі, буындап оқи алады. Математикадан сандарды барлығы таниды, 1-10 дейінгі сандарды қосып, азайтуды біледі. 10-15% оқушылар дыбыстар мен әріптерді есте сақтауларында қиындықтар туындауда. Балабақшадан келген балаларда оқу мен жазуға қызығушылықтың қалыптаспауы: Кейбір балалар әлі ойын кезеңінен толық шықпағандықтан, ұзақ отырып сабақ тыңдау қиынға соғады. Себебі зейін мен есте сақтаудың тұрақсыздығы байқалады. Жазуда (каллиграфия) да қиналады. Қол маторикасы дамымаған оқушылар да кездеседі. Бұл оқушылармен жүйелі жұмыс жүргізу керек. Сонымен қатар сыныпта қозғалысты оқушылар бар. Бұл оқушылардың ата -аналарына да ескертіліп отырды. Оқушылардың бейімделуі 1 жартыжылдыққа дейін толықтай қалыптасуға тиіс. Ол үшін мұғалім мен ата-ана тарапынан түсінушілік пен қолдауы керек. Бейімделу кезеңіндегі қиындықтарды жеңу үшін: Баламен жылы, сенімді қарым-қатынас орнату, оны асықтырмай, жетістігін мадақтау, оқу үдерісін ойын, сурет, қимыл арқылы жеңілдету, ата-анамен бірлесе отырып, балаға эмоционалды қолдау көрсету қажет .

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделу кезеңін бақылау қорытындысы бойынша сынып жетекшілеріне ұсыныстар:

1. Психоэмоциялық жағдайды бақылау:

- Оқушылардың эмоционалды көңіл-күйін үнемі назарда ұстаңыз.
- Ұяң немесе тұйық балаларға жеке қолдау көрсетіп, өзіне сенімділік ұялататын орта қалыптастырыңыз.

2. Оқу дағдыларын қалыптастыру:

- Сабақты қызықты, ойын түрінде өткізу арқылы оқуға деген қызығушылықты арттырыңыз.
- Жаңа ұғымдарды баяу, түсінікті тілмен түсіндіріп, қайталау арқылы бекітіңіз.

3. Әлеуметтік бейімделу:

– Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын бақылап, топтық жұмыс, жұптық тапсырмаларды көбірек ұйымдастырыңыз.

– Мейірімділік, достық, тәртіпке баулу бағытында әңгімелер жүргізіңіз.

4. Қарым-қатынас және ата-анамен байланыс:

– Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, баланың дамуындағы өзгерістер жайлы ақпарат беріп отырыңыз.

– Қиындық байқалған оқушылармен жеке жұмыс жүргізу жоспарын ата-анамен бірлесіп жасаңыз.

5. Тәртіп пен күн тәртібі:

– Оқушылардың мектептегі тәртіпке бейімделуіне көмектесу үшін күн тәртібін жүйелі сақтауын қадағалаңыз.

– Сабақ кезінде зейін қойып отыру, тыныштық сақтау секілді дағдыларын қалыптастырыңыз.